

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы шаруашылық есептегі аудиторлық орталықты қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 қазан 1992 ж. N 928

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 15 ақпандағы N 60 қаулысымен құрылған Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы шаруашылық есептегі аудиторлық орталықты "Қазақстанаудит" акционерлік аудиторлық компаниясына қосу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынысы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы шаруашылық есептегі аудиторлық орталықтың мүлкін оның хұқықты мұрагері - "Қазақстанаудит" акционерлік аудиторлық компаниясына белгіленген тәртіппен бекітіп беру туралы мәселені қарап, шешу ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы қайта құрылатын шаруашылық есептегі аудиторлық орталықтың хұқықтары мен міндеттері хұқықты мұрагеріне көшетін болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі